

«Бекітемін»

Жаратқел негізгі орта білім беретін  
мектебінің директоры: Г.А.Алина  
№ 1 « 31 » тамыз 2022 жыл  
Пед. кенесте қаралды

«Келісемін»

Аудан білім бөлімінің  
басшысы: Б.Д.Сейлханов  
« 18 » 09 2022 жыл

«Ғажайып математика»

(Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақ )

Сыныбы: 1

Орындады: Сандибекова А.Ж  
(бастауыш сынып мұғалімі)

№ 1 хаттама « 27 » тамыз 2022 жыл

Ә/Б отырысында қаралды: Алпысова Г.А  
(Ә/Б жетекшісі)

Тексерілді: Жисналы М.А  
(Оқу ісінің меңгерушісі)

## Түсінік хат

1-ші сынып оқушыларына арналған “Ғажайып математика” атты белсенді қозғалмалы сабағының жоспарын ұсынып отырмыз. 12 жылдық білім беруге көшудегі білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігінде жетілдірудегі игі мақсаттардан туындайды.

**Белсенді қозғалмалы сабақтың негізгі мақсаты:** оқушының ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы білімдерін қалыптастыру. Бағдарламада 10 көлеміндегі сандарды, кестелік қосу, азайту, теңдік, теңсіздік, сөз есеп шығару сияқты тақырыптар қамтылған. Берілген жаттығулар оқушының жас ерекшелігі мен қабілеттілігіне сәйкес құрылған. Ұсынылған тапсырмалар математика сабағынан алған білімдерін тексеруге, оны толықтыруға, оқушының оқуға деген жауапкершілігін арттыруға көмектеседі. Тапсырмадағы тірек сызбалар ұсынылып, оқушының өтілген тақырыпты игеруін, пысықтауын, ой қорытуын жеңілдетеді. Ұсынылып отырған бағдарлама бастауыш сынып мұғалімдеріне қажетті, тиімді болатыны сөзсіз.

### Курстың өзектілігі:

Курстың негізі бастауыш буыннан бастап математика элементтері, тарихы, сандар жиынтығы, құрамы т.б. теориялық ұғымдарын кеңейтіп, жоғары кластардағы математикалық ұғымдарға даярлау.

### Курстың мақсаты мен міндеттері

**Мақсаты :** Математикалық ұғымдар мен іс - әрекет тәсілдерін оқып үйрету және білім, білік дағдыларын қалыптастыру.

### Міндеттері:

- Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту;
- Ауызша және жазбаша кестелік қосу, азайтуды үйрету;
- Кестелер, тірек сызбалар арқылы жұмыс істеуді меңгерту;
- Шығармашылық тапсырмалар арқылы балалардың логикалық ойын дамыту;

Бағдарламаны оқудағы білім, білік дағдылары

### Негізгі нәтижелері керек ?

- Заттарды санап білу;
- Қайсысы артық немесе кем екенін айта білу;
- Заттар тобын көз мөлшермен санау арқылы және сәйкестендіру арқылы салыстырту;
- Геометриялық фигуралардың атауларын білу;
- Есепті шеше білу;
- Логикалық тапсырмалармен жұмыс жасай алу;

Қолдана алу:

- ауызша және жазбаша есептеуді талдау ;
- өз бетінше есептің қысқаша шартын жазу;
- математикалық терминдерді қолдана алу;
- геометриялық фигураларды ажырату

**Күтілетін нәтиже:**

- Бағдарламаны оқыту барысында заттарды санауды игеру;
- Қосу, азайтуды, жазуды, оқуды, салыстыра отырып талдау;
- Геометриялық фигураларды бір – бірінен ажырату;
- Қосу мен азайтудың қасиеттерін дәлелдеу;
- Логикалық есептерді шешудің жолын табу;

#### **Мазмұндық бөлім**

**Қарапайым түсініктер** (6 сағат) Математика курсының негізгі объектісі сан және олармен орындалатын арифметикалық амалдарды оқытып үйретуге арнайы және жүйелі дайындық жұмысы жүргізіледі.

**1 – 10 көлеміндегі сандар** (2 сағат) Оқытып үйретудің маңызды міндеті – сан және цифр жайында түсінік қалыптастыру, осыған орай сандардың атауларын және олардың сәйкес цифрлармен белгіленгендігін игерту, цифрларды жазу дағдысын қалыптастыру. Санның атауын оқушылар естиді және айтады, ал цифрды көреді және жазады. Жаңа санды бұрыннан белгілі сандармен салыстыру, ең кіші бір таңбалы және ең үлкен бір таңбалы санды анықтау;

**Қайталау** (1 сағат) Оқытудың негізгі нәтижелерін тиянақтап, бекіте түседі және олардың қай деңгейде игерілгендігін анықтауды жүзеге асырады;

**Сандар әлемі туралы ертегі** (3 сағат) Оқушылардың ой қиялын шығармашылығын дамыту: Өз қиялынан оқиғалар құрастыруға бейімдеу;

**Санамақтар** (2 сағат) Санамақтар арқылы оқушылардың тілдерін дамыту. Есте сақтау қабілеттерін арттыру;

**Ойлан тап** (1 сағат) Баланың қызығушылығын, ынтасы мен ықыласын туғызып белсенділігін арттырады;

**Қосу, азайтуға байланысты көңілді есептер** (2 сағат) Ойын элементтері мен қызықты ізденіс сәттерін тиімді қолдану қажеттігін туғызу, өзіндік іс – әрекетке, ақыл ойының дамуына түрткі болады;

**Қайталау сабағы** (1 сағат) Қорытындыны нәтижесі – іс әрекет жасауға жаттығу;

**Геометриялық фигуралар сыр шертеді** (3 сағат) Заттың пішінін бағамдау геометриялық фигураларды ажыратуға, бөліктерге бөлу, бөліктерден фигура құрау, топтау көзделінеді;

**Жұмбақ есептер** (3 сағат) Жұмбақ есептер арқылы қызықтырып, зейінін қалыптастыру;

**Өрнектер** (3 сағат) Санды өрнектер мен әріпті өрнектерді ажырату, есептеуге машықтандыру;

**Қайталау** (1 сағат)

**Логикалық есептер** (3 сағат) Есеп ұғымының бір мәнді белгісін оқушыларға аңғартатын жұмыс түріне жатады. Сурет бойынша әңгіме құрастырып үйренеді;

**Он көлеміндегі сандарды қосу, азайту** (2 сағат) Ауызша қосып, азайтуға машықтандыру;

**Геометриялық фигура** (1 сағат) Әр алуан практикалық жұмыстарды орындауға негізделеді;

**Қайталау** (1 сағат)

#### **Ақпараттық – әдістемелік бөлім**

«Гажайып математика» бағдарламасы арқылы оқушылардың білім, білік дәрежесін көтеріліп, математикалық ұғымдармен таныса отырып көп таңбалы сандарды оқып жазу, күрделі амалмен шығарылатын есептерді, фигураларды ажырата біледі.

Сабақ барысында төмендегі жұмыстар жүргізіледі:

- Логикалық тапсырмалармен жұмыс жасай алу;

Қолдана алу:

- ауызша және жазбаша есептеуді талдау ;
- өз бетінше есептің қысқаша шартын жазу;
- математикалық терминдерді қолдана алу;
- геометриялық фигураларды ажырату.



**Тақырыптық күнтізбелік жоспар**  
**Барлығы: 35 сағат, аптасына 1 сағат**

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	Қарапайым түсініктер	1	02.09.2022ж	
2	Қарапайым түсініктер	1	09.09	
3	Қарапайым түсініктер	1	16.09	
4	Мөлшер және сан	1	23.09	
5	Мөлшер және сан	1	30.09	
6	Мөлшер және сан	1	07.10	
7	1 – 10 көлеміндегі сандар	1	14.10	
8	1 – 10 көлеміндегі сандар	1	21.10	
9	Қайталау сабағы	1	28.10	
10	Сандар әлемі туралы ертегі	1	11.11	
11	Сандар әлемі туралы ертегі	1	18.11	
12	Сандар әлемі туралы ертегі	1	25.11	
13	Санамақтар	1	02.12	
14	Санамақтар	1	09.12	
15	Ойлан тап	1	16.12	
16	Көбейту, азайтуға байланысты көңілді есептер	1	23.12	
17	Көбейту, азайтуға байланысты көңілді есептер	1	30.12	
18	Қайталау сабағы	1	13.01.2023ж	
19	Геометриялық фигуралар сыр шертеді	1	20.01	
20	Геометриялық фигуралар сыр шертеді	1	27.01	
21	Геометриялық фигуралар сыр шертеді. Логикалық есептер	1	03.02	
22	Жұмбақ есептер	1	17.02	
23	Жұмбақ есептер	1	24.02	
24	Жұмбақ есептер	1	03.03	
25	Өрнектер	1	10.03	
26	Өрнектер	1	17.03	
27	Өрнектер	1	31.03	
28	Қайталау сабағы	1	07.04	
29	Логикалық есептер	1	14.04	
30	Логикалық есептер	1	21.04	
31	Логикалық есептер	1	28.04	
32	Он көлеміндегі сандарды қосу және азайту	1	05.05	
33	Он көлеміндегі сандарды қосу және азайту	1	12.05	
34	Геометриялық фигура	1	19.05	
35	Қайталау	1	26.05	

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:  
Мұғалімдерге арналған әдебиеттер:**

1. «Математика» Әдістемелік құрал Алматы 2003ж
2. «Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру» Алматы 2013 ж
3. «Геометриялық фигуралар» Алматы 2007 ж
4. «Есептеп үйренейік» Алматы 2008ж
5. «Дидактикалық материалдар» журналдары 2005-2007ж

**Оқушыларға арналған әдебиеттер:**

1. «Санамақтар» Алматы «Аруна» баспасы
2. «Балдырған» журналдары 2003 – 2009 ж
3. «Математикалық жазулар» Алматы 2003ж
4. «Айгөлек» журналы 2007ж
5. «Ойдан тап» 2008 ж